

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 3 (2022)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/DIFL9621>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Кудышева А. А.,

к.п.н., ассоц. профессор

Оспанова Н. Н.,

к.п.н., доцент

Оралканова И. А.,

доктор PhD

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Ж. Қ. Сағынтаева**

Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ТОППЕН ОҚЫТУ ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мақалада топпен оқыту әдісін дұрыс әрі тиімді пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері ашылады. Оқушыларды бір топқа үйлестірудің оқыту үрдісінде алатын орны мен маңыздылығы көрсетіледі. Психолог, педагог ғалымдар, бизнестегі жетістігі бар тұлғалардың ғылыми дәлелдерімен негізделеді. Халық даналық сөздерімен ұштастырылады. Топтастырып оқытуда басты мәселе топтастыру, әйтпесе топтастырып жұмыс жасату емес, ынтымақтастыруға, психологиялық мәдениетке тәрбиелеу, яғни ортаға ыңғайлану, эмоциясын басқара білу, басқаларды тыңдай алу, біреудің табысына қуану, көмектесу, үйрену, сынды қабылдау, алға ұмтылу, т.б. қасиеттерді қалыптастыру, дамыту болып табылады. Топтастыру, топпен ұйымдастырылған түрде жұмыс жасатудың өзіндік ұстанымдары, талаптары мен жолдары бар. Әрбір топтық әдісті қолданушы мұғалімге нәтижелі пайдалану үшін оларды білген зор еңбек. Пайдаланып отырған әдістің мақсат-міндетін, пайдалану жолын білмейінше, көздегеніне жету мүмкін емес. Осыған байланысты топпен оқытуда мұғалімге қойылатын талаптар, ұсынылатын тапсырмалардың бағыты және оның нәтижесі ұсынылды. Тапсырмалардың танымдық-тәрбиелік жағына көңіл аударылуы керек. Топпен оқытуда бір-біріне ықпал ету жағы да қарастырылуы тиіс. Мақалада соған сәйкес тапсырмалар үлгісі ұсынылды. Топпен оқытудың негізгі ұстанымдары анықталып, берілді.

Кілтті сөздер: топпен оқыту, метрономдар ұстанымы, коллаборативті оқыту, әлеуметтік, эмоционалдық даму, консенсус, психологиялық мәдениет.

Кіріспе

Қазіргі таңда бұл әдіс – өте кеңінен таралған, оқу-тәрбие үрдісінде белсенді әдістердің бірі. Дегенмен әр әдістің мақсатын, міндетін жақсы

біліп, түсініп алмайынша, белгілі нәтижеге жете алмаймыз. Қазақ тілі мен әдебиеті және олардың оқыту негіздерін қалаған ғалым-әдіскер Ахмет Байтұрсыновтың «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» демекші, оқу үрдісінің нәтижелігі оқытушы/мұғалімнің оқыту түрі мен әдіс-тәсілдерін дұрыс таңдай білуіне байланысты. Және ол белгілі бір кезеңдегі қоғамның нақты талабына, сондай-ақ оқу-тәрбие үрдісінің шынайы мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес таңдалып алынуы керек. Осы тұрғыда сабақта оқушыларды топқа бөліп, топтастырып оқытудың ерекшеліктеріне тоқталғым келеді.

Қазіргі заман сұранысы бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуде маңызы зор «топпен оқыту» әдісінің білім алушының қабілетін ашып, дамытатын, тұлға етіп қалыптастыратын ерекше белгілерін анықтап, көрсету. Ғалымдардың зерттеулерін саралап, талдап, топпен оқытудың негізгі мақсаты мен міндеттері, ұстанымдарына берілген анықтамаларды жинақтап, бір жүйеге келтіру. Бұл әдістің нақты нысаны білім алушыларды топқа біріктіру арқылы, дамыту, шыңдау, талабын ашу. Ұйымдасқан топ бола отырып, бір-біріне ықпал етеді, үлгі алады, ұқсауға тырысады, қабілеттерін ашады, қалыптастырады. Бір деңгейге ұмтылады, оған жетеді. Ол үшін мұғалімнің ұйымдастырушылық қабілеті жоғары болуы керек. Осыған орай тапсырмалардың мазмұны да маңызды орын алады. Оның сынып жас ерекшелігі, ерекше қасиеттеріне қарай, қоғамдағы мәселені қамтып жасалуына көңіл бөлінуі керек. Және сабақтың әр кезеңінде дұрыс пайдалану тіпті әсерлі. Сондай-ақ бұл сабақ барысында бірді-екілі қолданылатын әдіс емес, онда нәтижеге қол жеткізбейміз. Сабақ әрдайым да топпен жұмыс жасауға құрылуы керек.

Материалдар мен әдістер

Әртүрлі соғып тұрған метрономдарды бір жерге әкеліп топтастырып қойса, бірер минуттардан кейін олар бірдей қалыпқа түсіп соға бастайды екен [1]. Бұл ғажаптың сырын әлі ешкім нақты дәлелдей алмаған. Бірақ бұл көпшіліктің құдіреті, ұжымның рухы деген топшылау жасайды. Алынып отырған эксперимент сабақта оқушыларды бір топқа үйлестіріп жұмыс жасатудың тиімділігін одан әрі дәлелдей түседі.

Сыныптағы оқушылар, студенттер болсын әртүрлі – шапшаңы бар, яғни тез ойлайды, тез шешім табады, кейбірі көп ойланып шешімін айтады, әйтпесе біреуінің ұйымдастыру қабілеті жоғары, біреуі ойды жеткізуде шебер, дәлелді, жүйелі сөйлейді, біреуі сауатты, көркем жазуға бейім, енді бірі ойды суретке жақсы түсіреді. Ал осы адамдар бір топта жұмыс жасау арқылы өз бойындағы талаптарды да ширатады және жанындағы адамдардың

да қабілеттерін бойына сіңіре бастайды. Жанындағы достары, құрдастарына қарап талаптанады. Халқымыздың «көре, көре көсем боласың, сөйлей, сөйлей шешен боласың» деген мақалы да осыған саяды. Метрономдардың бір қалыпқа түсіп, жұмыс істеуі сияқты бірінде жоқ қабілетті бірі толықтырып, бірі сол қасиетті үйреніп, дағдысына айналдырады. Бірінен бірі ұялу, ойын айтуға тартыну, бос отыру жойылады. Уақыт өте бір-біріне жақын болып алады. Оқушылар бір-бірімен ақылдасып, ойға ой қосып, ізденеді, ой түйеді.

Топпен оқыту түрінде білім алушылар әрі әлеуметтік, әрі эмоционалдық түрде дамиды. Өздеріне деген бағасы қалыптасады және сенімділік күшейеді.

Коллаборативті оқытуды ынтымақтастықта оқыту деп те табуға болады. «Ынтымактасу» деген сөздің мағынасы терең және ол білім алушыларды тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Бір топтағы адамдардың мақсаты бір болғандықтан достығы нығаяды, бір-біріне жандары ашиды, көмектеседі. Осылайша бірін-бірі құрметтеу, сыйлау, бірін-бірі бағалау, қабілеттерін тану, үйрену дәрежесіне көтеріледі. Топтағы әр адамның өз үлесі танылып, ашыла түседі. Бөлектеніп, сырын аша алмай, ойын жеткізе алмай, ұжымнан жіктеліп қалу деген болмайды. Керсінше, бір-біріне ықпал етіп, алға ұмтылады, өседі, ширайды. Консенсусқа жетуге көп мүмкіндік береді [2, 23].

Әрине, мұндай нәтижеге жету мұғалімнің ұйымдастыруына да байланысты. Ол үшін мұғалім топпен оқытудың ереже, заңдылықтары мен ұстанымдарын жақсы білуі керек. Оны өзі де жақсы ұстанып, оқушыларға жеткізе білуі тиіс.

Топпен оқыту басты 4 ұстанымға негізделеді: 1. Әлеуметтік өзара әрекеттесу. 2. Позитивті өзара тәуелділік. 3. Жеке есеп беру. 4. Әр қатысушының тең үлесте болуы [3, 49].

Осының ішінде позитивті өзара тәуелділік ұстанымы ерекше тоқталуды қажет етеді. Ол тапсырманы топпен орындаудың сәтті болуы осы топқа қатысушы әр адамның жұмысының нәтижесіне байланысты болады дегенді негіздейді. Психолог ғалымдар, ойшылдар, бизнесте ерен жетістікке жеткен тұлғалардың көп зерттеуінің қорытындысы бойынша, позитивті ойлау бұл психологиялық мәдениетпен байланысты, ол дегеніміз адамның жағымды мінезді болуы, жан-жағына позитивті энергия шашуы, жеткен жетістігіне масаттанбай, әрі қарай ізденуі, алға ұмтылуы, кез келген сынды қабылдай алуы, одан сабақ ала білу, өсу, яғни эмоциясын, өзін-өзі басқара алуы, шығармашылық ізденіс, іскерлікпен айналысуы [4].

Осы мәселені мұғалім де білім алушы да білуі тиіс. Мұғалім топпен жұмыста білім алушылардың назарына мыналарды ұсыну керек:

– әр топқа қатысушы адам берілген тапсырманың бір бөлігін орындайды;

- топтың әр қатысушысы белгілі бір рөлге бекітіледі, өзі сайланып алынуына да болады. Ол ауысып отырады;

- барлық топ мүшелері жасаған жұмыстарын жинақтап, қорытындылап келіп, бір өнім ұсынады;

- топтың жетістігі барлық қатысушының белгілі мақстақа қол жеткізуіне байланысты;

- топ қатысушылары сол топтың ажырамас бір бөлігі екенін түсіну керек, яғни топтың қандай жағдайда болуы әрбір мүшесіне байланысты. Осыны нығайту үшін мұғалім топқа бөлгеннен кейін оларға өз топтарының атына сай белгі, ұран, т.б. оларды бір жерге біріктіретін танымдық белгілер ойлап құрастыруға және оны қорғауға арналған жұмыстар ұйымдастыруы керек, жұмыс барысында өздері соны сақтауы тиістігін ұғындыру абзал;

- топқа қатысушы мүшелер бір столдың басына жайғастырылуы тиіс. Топпен жұмыс жасауда осы талаптармен жақсы танысқан балалар әр ісіне жауапты болады. Топтағы басқа балаларды артқа тартпас үшін тырысады, жауапкершілікті сезеді. Басқа топ мүшелері де топты алға жылжыту үшін көмек беріп, қоштап, итермелеп, жұмысқа араластырады. Әр топ мүшесі бір ғана жұмысты атқаруға болмайды, олар ауысып отыруға міндетті. Ол бағалау критериінің бірі болып табылады.

Г. М. Коджаспированың «Педагогикалық сөздігінде» сабақта топпен жұмыс жасауға мынадай анықтама беріледі: «Сабақта топпен жұмыс жасау – мұғалімнің арнайы тапсырмалары бойынша жұмыс жасаушы әртүрлі кіші топтардың болжамды жұмыс жасау оқутанымдық әрекетін ұйымдастыру түрі» [5, 87].

Е. И. Пассовтың анықтамасы бойынша: «Топ – мұғалімнің уақытша біріктірген немесе оқу тапсырмасын орындауда жалпы мақсатты және жұмыс жасау құрылымын таңдау бойынша өздерінің жеке таңдауларымен біріккен оқушылардың белгілі саны (3–5 адам) [6, 492]».

Л. В. Гикал «Топпен жұмыс сабақты ұйымдастырудың тиімді түрі ретінде» атты мақаласында жұмыстың топтық түріне мынадай анықтама береді «...оқу тапсырмасын бірлесіп орындау үшін сыныпта кішігірім жұмыс тобын құру әрекетін ұйымдастыру түрі». Қарастырылған барлық анықтамаларда топпен оқытудың негізі – ортақ тапсырманы орындау үшін бірлескен оқушылардың кішігірім тобының құрылуы.

Топпен оқыту әдісінің тиімділігін ашу үшін зерттеу жұмысымызда, алдымен, әдістің өзіндік ерекшелігін тану мақсатында зерттеу әдісі қолданылды. Тақырыпқа бағытталған ғылыми еңбектер сараланып, талданды, анализ жасалды. Әдістің негізгі мақсат-міндетіне назар салынды. Ол тек топқа бөлініп, жұмыс жасау емес, бірігу, бір-біріне ықпал жасау, бірлесіп

жұмыс істеу, іздену, т.б. қасиеттерді ашып, қалыптастыруға тиімді екеніне екпін түсіріле қарастырылды. Сабақта студенттерді топтастыру, топқа бөлу деталіне дейін көңіл бөлініп эмперикалық, бақылау әдісі пайдаланылды, эксперимент жүргізілді. Нәтижесі қорытындыланып, аталмыш әдістің оқыту үрдісіндегі маңыздылығы, тиімді қолдану мүмкіндіктері анықталып, нақтыланды.

Нәтижелер мен талқылау

Студенттермен мектептегі практика кезеңдерінде топпен жұмыс жасаудың заңдылықтарын, тиімділігін экспериментке салып, нәтижесіне қол жеткізілді, студенттер, мектептегі озық тәжірибелі, практик ұстаздардың қатысуымен талқылаудан өтті. Нәтижесінде, жоғарыда айтылғандарға қосымша тағы бір ескеретініміз, топтағы жұмыстың қызықты болуы, мақсатқа жетуі мұғалімнің тапсырмалар жүйесін дұрыс құрастыра алу және ұйымдастыру дәрежесіне байланысты. Мұғалім тапсырманың лингвopsихологиялық жағына көңіл аударуы керек. Білім алушылардың психологиялық ахуалы ескеріле лексикалық тақырыптар, грамматикалық тапсырмалар, интеллектуалдық, шығармашылық жұмыстар, дидактикалық ойындар ыңғайланса, топпен жұмыстың өз деңгейінде өрбуіне мүмкіндік жасалады.

Мәселен, сабақтың басталу кезеңіндегі психологиялық ахуал, ортасы кезіндегі сергіту сәтін ұйымдастыруда балалардың жас ерекшелігі және психологиялық ахуалына байланысты таңдалуы керек. Олардың ойлануына, көзқарастарының қалыптасуына, белгілі тәрбиелік мәні бар жұмыстар қарастырылғаны жөн. Сергіту сәті – топта біраз тапсырмалар орындалғаннан кейін, білім алушылардың шаршағанын басу, сейілту үшін өтетін жұмыс түрі. Осы кезде «Ішкі және сыртқы шеңбер» әдісін пайдалану өте тиімді. Бұл әдіс бойынша әртүрлі тапсырма беруге болады. Соның бірі сыртқы шеңбердегі адамдар ішкі шеңбердегі адамдардың үш жақсы қасиетін айту керек және оны ашып, дәлелді түрде жеткізеді. Ол балалардың топта жұмыс жасау барысында байқаған жақсы мінездері болуы мүмкін, жалпы көріп жүргені болуы да ықтимал. Яғни бала құрбыларының жақсы мінезін көріп, бағалай біледі, өзіне үлгі тұтады. Ал мақтау алған бала сол мінезіне қанағаттанып қуанып қалады, одан әрі жақсы мінездер танытуға тырысады. Әдіс ауысып қолданылады, сыртқы ішкі адамдарды бағаласа, одан кейін керсінше ішкі сыртқы шеңбердегі балалардың 3 жақсы мінезін айтатын болады. Әйтпесе «Мінез сатам» әдісі. Мұнда білім алушылар өз бойынан сезінетін, көңілі толмайтын үш жаман мінезін көршісіне сатады, яғни құтылғысы келеді. Бұл да балаларды өз кемшілігін тану, оны жою, жақсыға ұмтылуға тәрбиелейді. Сөйтіп, іштей өз қылықтарына баға беріп отырады. Сыртқа айтпаған, өзіне ұнамаған мінездерінің дұрыс еместігіне есеп бере қарайды. Болашақта одан

арылуға тырысады. Бір-бірінің мінез құлқы, болмыстарына қызыға қарап, ұқсауға тырысады, жаманынан жиренеді. Бір-біріне ықпал ете бастайды. Сол сияқты логикалық тапсырмалар орындатуға болады. Кейбір балаларды осындай түрлі тапсырмалар өте қызықтырады. Оның өзінде сұрақтарды қай бағытта дайындау тағы да білім алушылардың мүмкіндік ыңғайына сәйкес жүйеленеді. Сабақтың орта кезіндегі тапсырмалар сабаққа қойылған мақсаттарға қол жеткізетіндей қарастырылуы тиіс.

Қорытынды

Қорытындылай келсек, топпен оқытуда биік мақсатқа жету үшін өзіне тән қағидаларды білген абзал. Соған сәйкес жаттығулар дайындалып, критерилері мен дискрипторлары нақты, түсінікті құрылуы керек. Осы жағдайда бағалау да шынайы шығады.

Зандылығымен дұрыс ұйымдастырылған сабақ өз нәтижесін береді. Әрі мұғалім шеберлігі рөл алады. Топпен оқытуда ұйымдастырушы, спикер, суретшілер, жылдам, әдемі, сауатты жазатындар, жақсы, сауатты сөйлейтіндер, т.б. түрлі қызметтер болады. Топтағы адамдар өзіне жақын, икеміне келетін жұмысын атқарады. Бірақ олар әрдайым сол жұмыста болмау керек, яғни сол деңгейде қалмауы тиіс. Мұғалім топта бұл қызметтердің ауысып тұру керектігін ескертуі қажет. Әр тапсырмада әртүрлі жауапкершілікті атқарады. Бағалау критериіне топтың белсенді қатысуын енгізу керек. Мұғалім топқа, балаларға мадақтауды аямаған жөн. Мұғалімнің бұл әрекеті оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттыра түседі. Кішкентай да болса жақсы талпынысы, өзіндік ерекшелігін тілге тиек етіп ерекшелеу оқушыны алға ұмтылдырады, аша түседі. Ол күнделікті жаттығып, болашақта көп жақсы қырынан таныта бастайды, белсенді балалармен теңдесе бастайды. Қымсыну, қорқу сезімдерінен арылады. Білім алушылардың бір-біріне деген көзқарастары, қарым-қатынастары да өте тығыз бола бастайды.

Топпен оқытудың тағы бір тиімділігі оқушылардың сөйлеуіне мүмкіндік көп, уақыт жеткілікті. Ал дәстүрлі оқытуда барлық баланың сөйлеп шығуына уақыт аз. Сөйлеу тілінің ширауына, жүйелі, дәлелді, көркем, шешен сөйлеуді дамытуда топпен оқытудың рөлі зор. Жалпы қарым-қатынастың оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеттерін дағдыға айналдырып, бойға сіңірудің таптырмас жолы.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Принцип метронома. Памятка клубникам! [электронды ресурс, Видеоматериал]. // Клуб Мастеров <https://mnorbekov.online/club2021>

2 **Лийметес, Х. И.** Групповая работа на уроке [Текст]. – М. : Знание, 1975. – 64 с.

3 **Дьяченко, В. К.** Сотрудничество в обучении: о коллективном способе учебной работы [Текст]. – М. : Просвещение, 1991. – 192 с.

4 **Нуржан Жәнісұлы.** Позитивті ойлау – психологиялық мәдениетті меңгеру. 14.01.2018. // Infotimes.kz ақпараттық ғылыми-танымдық порталы материалынан [Электронды ресурс]. – <http://infotimes.kz/kk/>

5 **Коджаспирова, Г. М., Коджаспиров, А. Ю.** Педагогический словарь: Для студ. высш. и сред. пед. учеб. Заведений [Текст]. — М. : И; М.: Издательский центр «Академия», 2000. – 176 с.

6 **Пассов, Е. И.** Урок иностранного языка: настольная книга преподавателя иностранного языка / Е. И. Пассов, Н. Е. Кузовлева [Текст]. – Ростов н/Д.: Феникс; М. : Глосса-Пресс, 2010. – 640 с.

7 **Рождественская, Л.** Метод групповой работы на уроке [Электронный ресурс] / Л. Рождественская // http://www.tomskoe_new.ucoz.ru/load/aktivnye_metody_obucheniya/metod_quot_azhurnaja_pila_quot/2-1-0-13.htm.

8 **Цукерман, Г. А.** Зачем детям учиться вместе [Текст]. – М. : Знание, 1985. – 80 с.

9 **Иваненко, А. М.** Современный урок [Текст]. – М. : Прогресс, 2005. – 256 с.

10 Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей [Мәтін]. Екінші басылым, 2014. – 135 б.

REFERENCES

1 Princip metronama. Pamyatka klubnikam! // Klub Masterov [The principle of the metronome. Memo to the members of the club! // Club of Masters [Electronic resource, video footage] <https://mnorbekov.online/club2021>

2 **Liimetes, H. I.** Gruppovaya rabota na uroke [Group work in the classroom]. [Текст]. – М. : Znanie, 1975. – 64 p.

3 **Diyachenko, V. K.** Sotrudnichestvo v obuchenii: o kollektivnom sposobе uchebnoi raboty [Cooperation in training: about the collective method of educational work] [Текст]. – М. : Prosveshenie, 1991. – 192 p.

4 **Nurjan Jәnisuly.** Pozitivti oilaу – psihologialyq mädenietti meңgerу. 14.01.2018. //Infotimes.kz aqparattyq ғылыми-tanymdyq portaly materialynan [Positive thinking – have of the psychological culture. 14.01.2018. //Infotimes.kz from the material of the information scientific and educational portal] [Electronic resource]. – <http://infotimes.kz/kk/>

5 **Kodjapsirova, G. M., Kodjapsirova, A. Yu.** Pedagogicheskii slovar': Dlya stud. vyssh. i sred. ped. ucheb. Zavedenii [Pedagogical Dictionary: for students of higher and secondary pedagogical educational institutions] [Текст]. – М. : I; М.: Publishing Center «Academiya», 2000. – 176 p.

6 **Passov, E. I.** Urok inostrannogo yazyka: nastol'naya kniga prepodovatelya inostrannogo yazyka / E.I. Passov, N.E. Kuzovleva [Foreign language lesson: a foreign language teacher's handbook / E.I. Passov, N.E. Kuzovleva] [Text]. – Rostov n/D. : Feniks M. : Glossa-Press, 2010. – 640 p.

7 **Rozhdestvenskaya, L.** Metod gruppovoi raboty na uroke [The method of group work in the lesson] [Electronic resource] / L. Rozhdestvenskaya // http://www.tomskoe_new.ucoz.ru/load/aktivnye_metody_obucheniya/metod_quot_azhurnaja_pila_quot/2-10-13.htm.

8 **Cukerman, G. A.** Zachem detyam uchitsya vmeste [Why should children study together] [Text]. – М. : Znanie, 1985. – 80 p.

9 **Ivanenko, A. M.** Sovremennyi urok [Modern lesson] [Text]. – М. : Progress, 2005. – 256 p.

10 Mugalimge arnalğan nusqayılyq. Ekinshi (negizgi) deñget. [Instructions for teachers. Second (main) level] [Text]. Second edition, 2014. – 135 p.

Материал 14.09.22 баспаға түсті.

**Ж. К. Сағынтаева*

Павлодарский педагогический университет,

Республики Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 14.09.22.

ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ГРУППОВОГО ОБУЧЕНИЯ

В статье раскрываются особенности эффективного использования группового обучения. Подчеркивается важность групповой работы с обучающимися. Мнение автора основывается на научных доказательствах психологов, педагогов, ученых и опыте успешных людей в бизнесе. Приведены примеры известных высказываний в сочетании с мудростью народа. Основная задача группового обучения – не просто разделить на группы, а обучение совместному сотрудничеству, единой психологической культуре, адаптации к окружающей среде, к коллективу, умение управлять своими эмоциями, чувствовать радость от успеха товарища по команде, воспринимать критику, а также взаимопомощь,

конкурентноспособность и саморазвитие. У групповой работы есть свои принципы, требования и пути общения в коллективе. Знание этих принципов является отличным подспорьем для педагогов, использующих групповой метод для достижения эффективных результатов в работе с обучающимися. Без них невозможно достичь желаемой. В связи с этим автором были представлены требования к педагогу, правильное направление выполнения поставленных задач для достижения высоких результатов. Автор акцентирует внимание на познавательной и образовательной составляющей заданий, а также на взаимовлиянии обучающихся друг на друга при обучении в группах. В связи с этим в статье представлены образцы типовых заданий при работе в группах. Автором определены и представлены основные принципы группового обучения.

Ключевые слова: групповое обучение, принцип метрономов, коллаборативное обучение, социальное, эмоциональное развитие, консенсус, психологическая культура.

**Zh. Sagyntayeva*

Pavlodar Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 14.09.22.

EFFECTIVE USE OF GROUP LEARNING

The article reveals the effective use features of group learning. Group work importance with students is emphasized. The author's opinion is based on scientific evidence of psychologists, educators, scientists and the experience of business successful people. Samples of famous sayings combined with the people wisdom are given. The main task of group learning is not just to divide it into groups, but to learn joint cooperation, a single psychological culture, adaptation to the environment, to a team, the ability to manage your emotions, feel the joy of a teammate's success, perceive criticism, as well as mutual assistance, competitiveness and self-development. Group work has its own principles, requirements and ways of communication in a team. Knowledge of these principles is an excellent help for educators who use the group method to achieve effective results in working with students. Without them, it is impossible to achieve what you want. In this regard, the author presented the requirements for the teacher, the correct direction for the implementation of the tasks to achieve high

results. The author focuses on the cognitive and educational component tasks, as well as on the mutual influence of students on each other when teaching in groups. In this regard, in the article samples of typical tasks when working in groups are presented. The author defines and presents the basic principles of group learning.

Keywords: group training, the metronome principle, collaborative learning, social, emotional development, consensus, psychological culture.

Теруге 14.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. кол қойылды.

Электронды баспа

3,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 24,6.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Тапсырыс № 3976

Сдано в набор 14.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

3,23 Мб RAM

Усл.п.л. 24,6. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. Оразалинова

Заказ № 3976

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz